“БАЛДӘУРЕН” - ТЫНЫСЫ

№10 5-ауысым 8 мамыр 2022 жыл (ауысым сайын)

Балалар мен жасөспірімдер журналы

«Еңбек - елдің мұраты» республикалық мамандықтар жәрмеңкесі

БОСЫМБАЕВ Даурен Абдикаримович,

«Балдәурен» РОСО филиал директоры.

Түркістан облысы Төлеби ауданы

9 мамыр – Жеңіс күні!

Жеңіс күні – бұл сан мыңдаған ұрпақ үшін ортақ мереке. Бұл мереке – бейбітшіліктің және қайырымдылықтың мәңгі жасампаздығын дәлелдейтін, Отанын қорғаған жауынгерлер мен офицерлердің айбынын, Жеңісті жақындатқан тыл еңбеккерлерінің мәңгі өшпейтіндігін дәлелдейтін белгі болып қалмақ.

Ұлы Жеңістің ұмытылмайтыны сияқты, соғыс та ұмытылмастай ізін қалдырды. Сол заманында қаншама жанның өмірін қиды, қаншама жан мүгедек халге түсті. Тіпті, аман-есен оралып келгендердің ойларында от оранған күндердің елесі қалды. Мәселен, менің нағашы атам сұм соғыстан көз жанарынан айырылып оралған екен. Сол соғыстың ізі бұл өмірден өткенше жоғалмаған. Сондай-ақ, атам жыл сайын «Жеңіс күніне» арналған парадқа барар кезде сұмдық күндерді, сол күндерде қасында болған жолдастарын еске алып, әр жылғы Жеңіс күнін жеңіске жаңа қол жеткізгендей ерекше сезіммен қарсы алады екен. Анам ол кездері сәби жүрегімен, әкесінің сол бір сезімдеріне аса мән бермеген. Кейін өсе келе әкесінің әсерлі әңгімелерін естіп, Жеңіс күнінінің қаншалықты ерекше күн екендігін түсінген. Енді анам сол әкесінің әңгімесінен ұққанын, сезініп-түсінгенін бүгінде біздерге әңгімелеп отырады. Менің ойымша, бүгінгі жастардың әрқайсысының ата-әжелерінен естелікке қалған «Жеңіс күні» туралы ерешке ұғымдары бар. Ендеше, бүгінгі бейбіт күніміз үшін біз оларға мәңгі қарыздармыз деп ойлаймын.

Сол бір сұрапыл жылдары Қазақ халқы өзінің Отанына, жеріне деген перзенттік парыздарын, ұлттық мақтаныштарын дәлелдеді. Біздің ата-әжелеріміздің ерліктері мен жанқиярлықтары, олардың өз Отанына деген шексіз сүйіспеншіліктері Қазақстанның бүгінгі ұрпағы үшін мақтан тұтарлық үлгі ғана емес, бұл – бірнеше ұрпақты байланыстыратын қоғамның рухани дамуы мен ұлттық қайта өрлеуінің жоғары адамгершілік негізі деп ойлаймын.

Жеңіс күні – абырой мен даңқымыздың мерекесі. Табандылық пен ерлік, Отанға деген сүйіспеншілік сұм соғыста жеңіске жеткізді. 9 мамыр – мереке ғана емес, бұл халықтың батырлығы, бұл жанкештілікпен жеңіске жету жолындағы ерен еңбек.

Сіздерді 9 мамыр - Жеңіс күнімен шын жүректен құттықтай! Бұл күнді мәңгілік есте сақтау, отанды сүю, елдің, жердің адал перзенті болу - біздің азаматтық парызымыз!

Божанова Гүлнар Абдықалыққызы,
«Балдәурен» РОСО филиалының
білім кешенінің меңгерушісі.
Түркістан облысы Төлеби ауданы

1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күні!

Қазақтың байтақ даласы бүгінде 130-дан астам ұлт өкілдеріне ортақ отан болып тұр. Сол себепті де 1 мамыр – халқымыздың бірлігі күні болып есептеледі. Берекені көздеген ел мерекелі тірлік жасаудан жалықпаған. «Береке бастауы - бірлік, ел іші тату - тірлік» қағидасын ұстанған ел үшін бұл мерекенің орны ерекше. "Бірлік бар жерде - тірлік бар" дейді біздің халық. Дана жұрт мұны тегіннен-тегін айта салмаса керек. Ауызбірлік пен түсіністік, қарапайым сыйластық үстемдік құрған жерлерге қашанда нәтижелі істердің үйір болатыны белгілі. Біздің елімізде қалыптасқан ұлттар тұтастығы мен халықтар достығының арқасында бүгінде мемлекетіміз өркендеп, ілгері басып келеді. Еліміздегі этностарды бұрынғыдан да жақындастыру үшін бүкіл Қазақстанда жаппай патриоттық шерулер өтеді. Бүгінде «Достық» атты бір шаңырақ астына шоғырланған әрбір ұлттық-мәдени орталықтар мерекеде ән айтып, би билеп, жалпыхалықтық мейрамда дәстүр мен салтқа толы түрлі көріністер көрсетіледі. Халықтың көңіл-күйін көтеру үшін түрлі спорттық жарыстар ұйымдастырылады. Айтулы мерекені жалпы ұлт болып тойлайды.

Қазақстан – полиэтникалық мемлекет. Бұл тарихи қалыптасқан дүние. Тәуелсіздік алғаннан бері біздің көпұлтты халқымыз бейбітшілік пен өзара түсіністікте өмір сүріп, мемлекетіміздің өркендеуіне белсенді атсалысып жатыр. Қазақстан халқы Ассамблеясы еліміздің барлық этностарын біріктіреді. Елбасымыздың сындарлы саясатымен құрылған халықтар достастығын нығайту, жастарға үгіт-насихат жүргізу мақсатында «Балдәурен» республикалық оқу-сауықтыру орталығында Қазақстан халқы Ассамблеясына арналған достық кездесулер жыл сайын ұйымдастырылады.

1 мамыр — Қазақстан халықтарының бірлігі мерекесімен баршаңызды шын жүректен құттықтаймын! Бір шаңырақтың астындағы халқымыздың достығы мен өзара түсіністігі одан әрі жалғасып, еліміздегі ұлтаралық татулық әрдайым берік болып, қашан да ынтымақ, бірлік мәңгі жасай берсін!

ЕРНАЗАРОВА Айнұр Шүкірқызы,
«Балдәурен» РОСО филиалының
ұйымдастырушы-ұстазы.
Түркістан облысы, Төлеби ауданы

Тәлімгер – бала жанының бағбаны!

Орталықтағы балалардың бас тәлімгерлері – ұйымдастырушы-ұстаздар болып табылады. Тәлімгер – оқушыны қызықты және танылмаған ғажайып әлемге жетелеп апаратын бастаушы. Ұйымдастырушы-ұстаз ол мәртебе емес, ол жаныңның жақсы күйі. Ол күнімен балалармен көптеген міндеттерді орындайды, өзінің білімі мен біліктілігін қамқорлығындағыларға беріп, сарқылмайтын күш-қуатымен үнемі күліп жүретін жан. Ол жаңа бастамалар мен идеяларды ойлап тауып, жүзеге асырушы.

«Балдаурен-Түркістан» Республикалық оқу-сауықтыру орталығы Ордақонған тауының етегінде, Тоғыс өзенінің бойында орналасқан керемет орталықтың бірі. 2018 жылдың қазан айынан бастап өз бауырына бүлдіршіндерді қабылдап, бүгін міне төртінші жылға қадам басып отыр. Осы жылдар ішінде республика көлеміндегі жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар, үздік болған оқушыларымызды қабылдап, балалық шақтарының естен кетпес естеліктеріне айналды. Бауырына келген әр баланың талғамынан шығып, біліммен қатар тәрбиелеп, сауықтырып, 20 күндік демалыстарын қызықты, әрі тиімді өткізудің бар жағдайын жасауда. «Жастар» педагогикалық тобы баланың орталықтағы әрбір өткен уақыты үшін жауапты жан. Өзіне берілген балаларға қамқор болып, үйдегі ата-ананың рөлін атқарады. Баламен бала болып ойнап, керек кезінде ата-ана, аға-әпке, дос, бауыр бола білетін әмбебап – ұстаз, тұла бойы тұнып тұрған талант иелері. Өзінің бойындағы бар өнерін баланың бойына сіңдіруге барынша аянбай еңбек етеді.

«Балдәурен-Түркістан» РОСО филиалы менің арманыма қанат байлап, мақсатыма бір қадам жақындатуда. Ұйымдастырушы-ұстаз (вожатый) болу қызықты, әрі жауапкершілігі мол жұмыс. Алдыңа келген 30 баланың мінезін, еркелігін көтеріп, оның ата-анасы, аға-әпкесі, досы бола білуің керек. Менің бұл жұмыстан ешуақытта бас

тартқым келмейді. Себебі, періштедей пәк балалардың шат-шадыман күлкісін көргенде бар жұмыстың қиыншылығын ұмытып, баламен бала болып кетесің.

Жалпы баламен жұмыс жасау үлкен жауапкершілік пен зор ізденісті талап етеді. Осы орталықта өткен 2 жыл болашақта өз балаларымды тәрбиелеудегі зор мүмкіндіктерге жол ашады. 2002 жылы өз жұмысын бастаған «Балдәурен» РОСО қазіргі таңда саны төрт орталыққа жетті. «Балдәурен-Көкшетау», «Балдәурен-Қапшағай», «Балдәурен-Шымкент», «Балдәурен-Балқаш» филиалдары бүгінгі таңда өздерінің сүйікті оқушыларын қабылдап, озат оқушылардың қимас орталығына айналған.

Арыстандай айбатты,
Жолбарыстай қайратты.
Қырандай күшті қанатты,
Мен жастарға сенемін**,**

- деп М.Жұмабаев жырлағандай, «Еркін елде өскен ұрпақтың рухы әрдайым биік болуы тиіс. Жастары жалын жүректі, өршіл намысты, биік рухты болса – ол елдің еңсесі де биік болады. Өршіл, намысшыл, жас отаншыл, патриот келеді, халқына, өз ұлтына адал қызмет етуге ұмтылады». Болашақтың кілті, елдің ертеңі - білімді жастар. Мемлекеттің дамуы, өсіп-өркендеуі тікелей жастарға байланысты.

Саяхат сабақ. "Төлеби ауданы «Жылаған ата» Тоғыс өзені киелі мекендер тарихы" және "Ғайып ерен-қырық шілтен"

Туризм дегеніміз – адамның арнайы бір уақыт аралығында жан сергітіп демалыс қабылдауы. Демалыс кезінде демалушы түрлі елдерге саяхаттай отырып, танымдық қабілетін арттыра, мәдениет пен өнер қызығына батады. Туризм тек шетелдерде ғана жүзеге аспайды, сонымен қоса елдегі табиғаты керемет жерлермен, киелі мекендерге, демалыс орындарына баруға болады. Орталығымыздың басты мақсаты – спорт пен туризмді насихаттау. Әр ауысым сайын демалушыларымыз Төлеби ауданында орналасқан кереметтей жерлермен танысады. 5-ауысым демалушылары орталығымыздың тарих және өлкетану пәндерінің мұғалімдері Умирзахов Есқали Қалдыбекұлы мен Абуов Жалғас Абайұлы және Қанаева Салтанат Мельдебекқызының ұйымдастыруымен ауданымызда орналасқан «Жылаған ата» мен «Ғайып ерен-қырық шілтен» мекендеріне саяхат сабаққа барды.

Тарих және өлкетану пәндерінен кіріктілген саяхат сабақта балалар күнтізбелік жоспарға сай "Төлеби ауданы «Жылаған ата» Тоғыс өзені киелі мекендер тарихы" және "Ғайып ерен-қырық шілтен" тақырыптарында Нысанбек елді мекеніндегі киелі орындарға саяхаттап, өлкенің тарихымен танысып, емдік қасиеті бар бұлақтардан су алып, топтық жұмыста белсенділік танытты. Ашық аспан астында, табиғат аясында ұйымдастырылған саяхат сабақтан Төлебидің төрінде, Алатаудың етегінде орналасқан "Балдәурен" республикалық оқу-

сауықтыру орталығындағы 5 ауысым оқушылары сынып болып киелі орындармен танысып, таза ауамен тыныстап, сауығып, саяхат сабақтан кереметтей әсермен орталығымызға оралды. Сабақ мақсатына жетті, балалар өлкенің тарихымен танысып, патриоттық сезімдері оянды. Саяхат сабақ өте керемет өтті.

Ашық сабақ. «Қолдан сұрыптау және оның селекция үшін маңызы. Қолдан сұрыптау түрлері»

Орталығымызда биология пәнінің мұғалімі Ергеш Роза Полатқызы **«Қолдан сұрыптау және оның селекция үшін маңызы. Қолдан сұрыптау түрлері»** тақырыбында 8«Ә» сыныбына ашық сабақ өткізді. Ашық сабақтың мақсаты: табиғи сұрыпталу мен қолдан сұрыптауды салыстырады, қолдан сұрыптау түрлерін салыстырады, ерекшелігін айқындайды.

Оқушылар ***«Кластер»*** әдісін колданып табиғи сұрыпталу мен қолдан сұрыпталуды бір-бірінен ажырата білді. Оқушылар сабақ барысында ***«Сәйкестендіру», «Адасқан әріп»*** әдістерін қолданып тапсырмалар орындады.

Оқушыларға сабақ қызықты болу үшін сергіту сәті жүргізілді. Сабақты қорытындылау жұмысы қызықты ***«Бинго ойыны»*** түрінде өткізілді. Бағалау барлық оқушыға жүргізілді. Сабақ өте қызықты, жоғары деңгейде өтті.

Ашық сабақ. «Nauryz»

Орталығымыздың ағылшын тілі пәні мұғалімі Қамбарова Гүлжан Мұхаметалиқызы 9 «А» сыныбына «Nauryz» тақырыбында ашық сабақ өткізді. Сабақтың мақсаты: Оқушыларға қазақ халқының ұлы мерекесі Наурыз мейрамы туралы білім бере отырып, ұлыстың ұлы күнін сипаттау арқылы оқушылардың сөздік қорын дамыту, сөйлеу дағдыларын қалыптастыру.

Сабақта оқушылардың ой – өрісін кеңейтетін «Синквейн» әдісін қолданды, диаграмма құрды. Сондай – ақ «дұрыс-бұрыс» әдісі, «бинго» ойыны, мәтінмен жұмыс, сөйлемді толықтыру жаттығулары оқушылардың сын тұрғысынан ойлау қабілеттерін жүзеге асырды.

Сабақ барысында оқушыларға молшылықтың және бірліктің символы болып табылатын «Наурыз көжені» дәріптеп, дәм татқызды. Сонымен қатар басқа да ұлттық тағамдар жайлы мәліметтер алып, олармен танысты. Сабақ өз мақсатына жетті.

«Балдәурендік сәлем!» танысу кеші

Балдәурен - балалық шақтың мекені,
Балдәурен - қызықты өмірдің кешені.
Балдәурен - достықтың ордасы,
Балдәурен - бақыттың ортасы!

Арман аралына қош келдің, балапан! Оқушылармен орталықтың айнымас заңдарымен, қатаң қағидаларымен таныстыру мақсатында «Балдәурендік сәлем!» танысу кеші болып өтті. «Оң қол» заңы, «Сол қол» заңы, «Асхана ережесі», «Twix» заңы, және т.б орталық ережелерімен таныстырып, сол заңдарға бағынып, ішкі тәртіпті ұстануды талап етті. Кереметтей кеште түрлі ойындар ойнатылып, ұйымдастырушы-ұстаздармен бірге ән шырқап, би биленді.

«Балдәурен» бекет бойынша ойыны

Орталыққа келген балаларға ең алғаш топ болып қатысатын «Балдәурен» бекет бойынша ойыны. Бұл ойын өзінің ерекшеліктерімен ерекшеленеді. Балаларды ішкі тәртіппен, өзінің өзгермес заңдарымен, қатаң қағидаларымен таныстыру мақсатында ойын түрінде ұйымдастырылады. Ұйымдастырушы-ұстаздар түрлі бекеттерге бөлініп, әр топты кезек-кезегімен қарсы алады. Өзінің қызықты тапсырмаларын қойып, өз бекетінің қағидаларымен таныстырады. Ойын өте көңілді, әрі оқушылар үшін құнды ақпараттарға толы болды. Балдәурен, саған мың алғыс! Бауырыңа келген әр баланы жатсынбай қарсы алғаныңа рақмет!

5-ауысым президентіне үміткерлермен танысу

Жүзден-жүйрік, мыңнан-тұлпар, шын жүйріктер сыналатын күн. Өзін осы уақытша құрылған ортада көшбасшы, өзінің бойындағы даралығымен дараланатын, сөзі-ісіне сай, өзін президенттікке үміткер ретінде ұсынған балалар өздерін көпшілікке таныстырып, 20 күндік демалыстың қызықты, әрі тиімді өткізу жолдарымен бөлісті. Әр топтан бір-бір оқушыдан қатысты. Балдәурендіктерге үміткерді таңдау қиынға түсті. Себебі, бұл орынға барлық қатысушыларымыз әбден лайықты еді. Сонда да сайыстың аты – сайыс. 2022 жылдың 5-ауысымның «Өзін-өзі басқару ұйымында» президенттің кім болғанын ауысымның ашылу салтанатында білетін боламыз.

«Еңбектің наны тәтті» топ визиткасын қорғау кеші

«Балдәурен» - бақыттың ордасы. Менің бұл сөзіммен осында келген әрбір бала келіседі деген ойдамын. Мұнда бәрі тамаша. Күнделікті 6 мезгіл дәмді ас, түрлі көңілді кештер, қызығушылық үйірмелер бәрі-бәрі оқушылардың демалыстарының ойдағыдай өтуі үшін жасалынған. Топ визиткасын қорғау кеші - ең алғашқы болып өткізілетін іс-шаралардың бірі. Бұл кеште балалар өздерінің тобының ұйымшылдығымен татулығын, ынтымақтастығымен өнерін көрсететін бірден-бір көңілді кеш. Кешіміз өте қызықты болды. Топтар қызу дайындықпен келген. Әр топтың өзіне тән аты, санамағы, ұраны және әні болады. Кештің тақырыбына сай әр топ өзінің қызықты аттарымен, ұранымен, санамағымен таныстырып, топпен бірге әнін шырқады. Бір топ сахнаға шыққанда келесі топ оларға қолдау көрсетіп, қошеметтеп отырды. Топ визиткасын қорғау кешінің жеңімпазы «Ең үздік топ» номинациясының иегері 7-топ болды.

«Мектеп - білім бесігі» мектеп презентациясы

Кез-келген маман иесі болсын - білікті басшы, мықты инженер, керемет құрылысшы, қолынан бал тамған аспазшы болсын бәрі-бәрі ұстаздан тәлім алары сөзсіз. Оқу жылы барысында өткізілетін дәстүрлі, негізгі іс-шараның бірі – мектеп презентациясы. Балаларын қабылдап, сынып-сыныптарға бөлу, пән мұғалімдерін таныстыру мақсатында мектеп презентациясы ұйымдастырылады. Жалпы ауысым бойынша 7-8-9 сыныптарда балалар білім алып, өз білімдерін түрлі зияткерлік-танымдық сайыстарда сынайтын болады. Оқушыларға пән мұғалімдері мен сынып жетекшілері таныстырылды. Әр бала өз сынып жетекшісімен өз сыныбына барып, сынып сағатына қатысты. 5-ауысымда демалушыларымызды көптеген қызықтар күтуде. Оқушыларымыз өз белсенділіктерін көрсетеді деген ойдамыз.

2022 жылдың 5-ауысымының ашылу салтанаты

Міне, бүгін сәуір айының 22 жұлдызы күні орталыққа келген балалардың нағыз «Балдәурендіктер» атанатын сәті – ауысымның ашылу салтанаты да болып өтті. Республикалық, облыстық, аудандық ғылыми жоба жеңімпаздарының басын қосқан бұл ауысым «Еңбек – елдің мұраты» республикалық мамандықтар жәрмеңкесі деп аталынып, ауысым барысында осы тақырып аясындағы түрлі іс-шаралар мен көңілді кештер күтілуде. Орталық директоры Босымбаев Даурен Әбдікәрімұлы ауысымды ашық деп жариялап, балаларға демалыстарының жемісті, қызықты болуын тіледі. Уақытша құрылған ортадағы «Сенім» өзін-өзі басқару ұйымының президентін анықтады. 51% көрсеткішпен ауысым президенті болып 7-топ демалушысы Бақтыбаев Әділжан сайланды. Оқушылар мен орталық қызметкерлерінің алдында ант қабылдап, ауысым президенті атанды. Туымыз көкке көтеріліп, әнұранымыз шырқалды. 5-ауысымға сәттілік тілейміз!

Салауатты өмір салты

Жас ұрпақтың салауатты өмір сүруге көз қарасын қалыптастыру, салауатты өмір сүрудің мәнін ашу, денсаулығын бағалауға, салауатты өмір ұстануға тәрбиелеу мақсатында орталығымыздың медицина кешенінің ұйымдастыруымен «Салауатты өмір салты» атты іс-шара өткізілді. 5-ауысым демалушыларына

түрлі қызықты ойындар ұйымдастырып, сұрақ-жауаптар жүргізді. Болашағымыз жарқын, еліміздің ертеңі нұрлы болсын десек, ел болып, халық болып болашағымызды, ұлтымызды, тегімізді жоғалтып алмау үшін нашақорлық, СПИД, ішімдік, темекіден бойымызды аулақ ұстап, қоғамымыздың бұл түнектен арылуының жолын іздеп, салауатты өмір сүру салтын насихаттайық. Халықтың денсаулығы - ел дамуының аса маңызды тұтқасы, болашағымыздың кепілі.

«Жастар» педагогикалық тобымен танысу кеші

Бойларында жалындаған күші бар,
Осы кезде Жастарды сен есіңе ал.
Жастар – алға, Жастар – самға қалықтап,
Балдәуреннің жастарсыз осы несі бал!
Бұл жастарсыз ойын-сауық, кештердің,
Ешбірі де қызықты болып өте алмас.
Тек алға, Балдәурендік «New Zhastar»,
Сіздердей өнерліні ешкім осал дей алмас.

«Жастар» педагогикалық тобы – тұла бойы тұнып тұрған талант иелері. Балдәуренге келген әр баланың жүрегінен орын алып, бала болып ойнап, көңілді іс-шаралар мен кештерді ұйымдастырып, балалардың демалыстарының қызықты өткізулеріне бүкіл күш жігерін салатын бірден-бір орталықтың жауапты мамандары. Орталықтың жалындаған жастарына қарап жұмысыңа ерекше бір шабыт аласың. Мен орталықтың негізгі бөлігін – «Жастар педагогикалық тобы» деуші едім. Өзіне берілген топ балаларына аға-әпке, бауыр, сырлас-дос, тіпті ата-ана қызметін атқарады. Топтың ауызбіршілігі тікелей ұйымдастырушы-ұстазына байланысты. Кез-келген іс-шара Жастарсыз өтпейді, тікелей жауапкершілік жүктеледі. Орталықтың тағы бір дәстүрге айналған көңілді кешінің бірі – «Жастар» педагогикалық тобымен танысу кеші. Кеш әр баланың өз ұйымдастырушы-ұстаздарының жаңа бір қырынан тануына көмектеседі. Жастар қызықты қойылым қойып балаларға ерекше көңіл-күй сыйлайды.

«Миллион кімге бұйырады?» зияткерлік шоу

Білім кешенінің ұйымдастыруымен 5-ауысым оқушылары арасында «Миллион кімге бұйырады?» интеллектуалдық шоу болып өтті. Жалпы сайысымыз бес кезеңнен тұрды. Зияткерлік ойынымыздың негізгі мақсаты – оқушыларды жылдамдыққа, ептілікке, алғырлыққа тәрбиелеу. Барлық оқушылардың білімдері сыналатын кереметтей шоу болып өтті.

«Өнерлі өрге жүзеді» шығармашылық кеш

Бала шыр етіп дүние есігін ашқан сәттен бастап оның өзіндік талғамы, ерекше қасиеті мен қызығушылығы күннен күнге қалыптасады. Орталыққа келген оқушылардың өзіндік қабілетін, талантын анықтау мақсатында шығармашылық байқау ұйымдастырылды. Бұл байқау баланың қабілеті мен ерекше дарынына негізделген шығармашылық байқау. Оқушылар репортаж, жайдарман, мәнерлеп оқу, болашақ жобасы, хореография, аспапшылар, қол өнер, ертегі әлеміне саяхат, жазушылар т.б шығармашылық байқау бойынша өз бақтарын сынады.

Ашық сабақ. Табиғи ресурс түрлері

Орталығымыздың қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Өскенбаева Балнұр сәуір айының 3 жұлдызы күні «9А» сыныбымен «Табиғи ресурс түрлері» (грамматикалық тақырыбы: Құрмалас сөйлемнің тыныс белгілері) тақырыбында ашық сабақ өтті.

Сабақтың мақсаты: Тыңдалған мәтіндегі тірек сөздерді, ақпаратты өмірлік мәселелермен байланыстыру; Мәтін мазмұнына байланысты өз ойын құрмалас сөйлем түрінде жаза алу, тиісті тыныс белгілерін қоя білу, ережеге сай қолданаду;

Сабақ барысында топпен жұмыс жасалды. Сабақ мақсатына жету үшін топтар түрлі әдіс-тәсілдер арқылы, түрлі тапсырмалар орындады. Үш топта үш есепші және үш спикер тапсырмаларға балл мен баға қойып отырды. «Kahoot» әдісі арқылы онлайн тестпен сабақты бекітті. Сабақ қызықты өтті.

Ашық сабақ. Құрсақта даму. Ұрықтық дамудың алғашқы кезеңдері. Ұрықтың қалыптасуы мен дамуы.

Орталығымыздың биология пәнінің мұғалімі Худайбергенова Гүлбахыт сәуір айының 29 жұлдызы күні «9Г» сыныбымен «Құрсақта даму. Ұрықтық дамудың алғашқы кезеңдері. Ұрықтың қалыптасуы мен дамуы» тақырыбында ашық сабақ өтті. Сабақтың мақсаты: ұрықтың дамуындағы плацентаның маңызын түсіндіру; эмбрион мен ұрықтың дамуын салыстыру;

Сабақ барысында жеке жұмыс, жұптық жұмыс, топтық жұмыстар қолданылды. Сабақ мақсатына жету үшін оқушылар түрлі әдіс-тәсілдер арқылы, түрлі тапсырмалар орындады. Оқушыларды «Random» әдісі арқылы екі топқа бөлу. Топта бағалау жұмысын жүргізу үшін топбасшы тағайындалды (спикер). Спикер әр тапсырмаға балл мен баға қойып отырды. «Padlet» әдісі арқылы онлайн тестпен сабақты бекітті. Мұғалім өз мақсатына жетті. Сабақ қызықты өтті.

«Интеллектуальное казино» танымдық ойын

Оқушылардың ынтасын, ақыл-ойын кеңейтіп, шапшаңдыққа, ептілікке бағыттайтын түрлі танымдық-зияткерлік ойындар ауысым сайын ұйымдастырылады. Бала түрлі сайыстарға қатысып өзінің білім деңгейін сынайды. Сол ойынымыздың бірі – «Интеллектуальное казино». Ойын өте керемет, қызыққа толы болды. Ойынға қатысушы оқушыларымыз өздерінің шын жүйрік, алғыр екендіктерін көрсете алды.

«Чемпион» СМ ойындары

Еңбек етсең ерінбе, жалқаулыққа жеңілме,
Спорт тәннің жемісі түиіп алғын көңілге.
Салауатты өмір салтымен, өзді-өзіңді тәрбиеле,
Ең бастысы айтарым, қанағат қыл күніңе.

Спорттық ойындар адамның ептілігі мен жылдамдығын, төзімділігі мен шапшаңдығын арттырады. Салауатты өмір салтын насихаттайды. Орталықтың дәстүрге айналған негізгі іс-шараларының бірі «Чемпион» СМ ойындары. Балалар жас ерекшеліктеріне қарай топтарға бөлініп өзара жекелей және топтық біріншіліктер бойынша жарысқа түседі. Екі күнге созылған «Чемпион» СМ ойындары барысында жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар атанғандар марапатталды. Жеңіс құтты болсын, Балдәурендіктер!

«Көктем аруы» байқауы

Мен қазақ қыздарына қайран қалам,
Жанары, жаны жаздай жайраңдаған.
«Қыз өссе, елдің көркі» деген сөзді,
Қапысыз қалай айтқан қайран
бабам?!

Бүгін орталығымызда «Көктем аруы» байқауы болып өтті. Көктем мерекесіне орай өткізілген сайыста қыздарды әдептілікке, әсемділікке, инабаттылыққа, сыпайылыққа, ата-баба дәстүрін біліп, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсете білуге тәрбиелеу мақсатында ұйымдастырылды. Сайысымызға әр топтан бір-бір ару қызымыздан қатысты. Қыздар өздерінің бар өнерін ортаға салды. Сайыс қорытындысы бойынша 6-топ аруы Джанакова Ажар «Көктем аруы» байқауының жеңімпазы атанды.

«Island of dreams» квест ойыны

Балдәурен бақыт мекені, бәрі оны біледі.
Ұстаздары ерекше, бәрі жақсы көреді.
Аспаздары керемет, асты дәмді пісірет.
Дәрігері дер кезде, дәрі ұстап тексерет,

Бүгін топтар арасында «Island of dreams» квест ойыны болып өтті. Оқушылар «Балдәурен» аймағында орналасқан түрлі бекеттерге барып, әр бекеттің қызықты тапсырмасын орындап, бекет жайлы қажетті мәліметтерге қанық болды. Шытырманға толы ойын қызықты өтті. Әр топ өзінің татулығын, ынтымағын көрсете алды.

«Мамандыққа саяхат» тәрбие сағаты

Ісім оңсын десеңіз,
Сол істің маманы болыңыз.
Даңқым шықсын десеңіз,
Көпшіліктің адамы болыңыз, - деп ұлы ойшыл, философ Әл – Фараби бабамыз айтқандай, бәсекеге қабілетті маман дайындау үшін жоғары білімге қолжетімділікті арттыру керек.
Бүгін орталығымызда мамандықтарды талдай және таңдай білуге үйретіп, оқушыны өзінің қабілетін, бейімін, қызығушылығын мамандыққа сай тани білуге, мамандықтың бағдары мен құндылықтары туралы мәлімет беру мақсатында сыныпаралық «Мамандыққа саяхат» тәрбие сағаты болып өтті.

«BE HAPPY» туған күн иелеріне арналған кеш

Туған күн – әр адамның өміріндегі айтулы, естен кетпес ерекше мереке. Бұл күн қуаныш пен шаттық мерекесі. Туған күн кешін әсіресі балалар асыға күтеді. Барлық ізгі тілектер, кереметтей сыйлықтар, тәтті бәліштер, бәрі-бәрі туған күн иелеріне арналады. Бүгін орталығымызда 5-ауысым барысында өз туған күнін балдәурендіктермен атап өткелі тұрған туған күн иелеріне арналған ерекше көңілді кеш өткізілді. Кеш барша қонақтарға қатты ұнады деген ойдамыз. 5-ауысымның туған күн иелерін жеке мерекелерімен шын жүректен құттықтаймыз!

«Cowboy» show

Балалардың ойынға деген қызығушылықтарын арттырып, балалар бойындағы шығармашылық қабілеттері мен адамгершілік қасиеттерін дамытып, балаларға көтеріңкі көңіл-күй сыйлап, оқушы бойына музыкалық тәрбие қалыптастыру, жеке тұлғаны адамгершілікке тәрбиелеу мақсатында «Ковбой шоу» топ аралық сайыс ұйымдастырылды. Сайысымыздың басты шарты әр топтан қатысатын ойыншының міндетті түрде «Ковбой» киімін киюі, яғни шляпа, жилетка және мойынға тағатын косынка. Сайысымыз жалпы 6 бөлімнен тұрды. «Мен енді ковбоймын», «Қалпақты ковбой», «Мерген ковбой» (пластикалық ыдысын бильярд шарымен құлату, «Ранчоны суғару», «Көңілді орағыштар», «Ковбой биі». Жалпы сайыс бойынша ең үздік балл жинаған Ковбой, «Ковбой» шоу сайысымыздың жеңімпазы атанды.

«My future job» мамандықтар жәрменкесі

Әлемде 50 мыңға жуық мамандық бар. Және жыл сайын оған 500 - ге тарта жаңа түрі қосылып отырады екен. Олардың ішінен өзімізге қажеттісін қалай таңдауға болады? Біз олардың қаншасы туралы білеміз? Мамандық таңдауда нені бағдар ретінде алуға болады? «Мектеп бітіргеннен кейін кім боласың?» - деген сұрақтарға мектеп оқушыларының көбісі нақты жауап бере алмайды. Шындығына келгенде мамандық таңдау мәселесі әсіресе біздің қоғамымыз нарықтық қатынасқа көшіп отырған жағдайда өте күрделі мәселе. Көптеген жоғары сынып оқушылары өздерінің іскерліктері мен қабілеттерін дұрыс тани алмай, мамандық таңдауда көптеген кедергілерге ұшырайды. 9 – 11 сынып оқушыларының алдында тұрған басты мәселе - болашақ мамандығын таңдау. Ал мамандықты дұрыс таңдау - ол өмір жолының сәттілігінің негізі.

«New Baldauren» макет жобасы

Бұл жері мекен бақыт пенен шаттықтың,

Бұл елі екен сұлулық пен ақтықтың.

Мұғалімдер жанашырың, ақылшың,

Әрбір сәті алтын дермін уақыттың.

Бүгін 5-ауысым демалушыларымен бірге «New Baldauren» макет жобасы болып өтті. Әр топ өзінің сүйікті Балдәуренін болашақтағы үлгісін жасады. Электр энергиясын үнемдеу, су тапшылығын болдырмау, жылыту жүйелерін реттеу, және т.б жобалар ұсынылды. Әр топ өз жобасын жоғары деңгейде қорғап шықты. «New Baldauren» макет жобасының жеңімпазы 8-топ болды.

«My professoin» театрлық фарс

Мамандық – қарапайым өмір сүру көзі болып табылатын және қандай да бір дайындықты, жауапкершілікті талап ететін еңбек қызметінің маңызды бөлігі. Адамдар мамандықты жүрегінің қалауы бойынша таңдауы керек. Өйткені, әрбір адамның болашағы таңдаған мамандығына тікелей байланысты. Өз ісін жақсы көріп, үлкен жауапкершілікпен атқарғанда ғана адам өзін бақытты сезінеді екен. Мамандық таңдау – өте жауапкершілікті және маңызды іс.

Бүгін «My professoin» театрлық фарс болып өтті. 5-ауысым тақырыбына байланысты топтар арасында «жеребе» тасталынып мамандықтар таңдап алынған болатын. Сол таңдалған мамандықтар бойынша оқушылар түрлі көріністер қойып, мамандықтың қыр-сырын аша білуі керек. Бірі білікті маман – дәрігер болса, енді бірі – аспазшы болып көріністер көрсетті. Кеш өте көңілді өтті. Оқушыларымыздың белсенділіктері артып, мамандықтың маңызын түсінді. Байқау қорытындысы бойынша 3-4 - топтар жеңіске жетті.

2022 жылдың 5-ауысымының жабылу салтанаты

Кез-келген істің бастауы болғандай, оның аяқталуы да болады. Міне, 20 күн бойы жалғасын тапқан демалысымыз сәтті аяқталды. Көңілді кештер, түрлі танымдық-зияткерлік ойындар ұйымдастырылды. Ауысым тақырыбына сай іс-шаралар ұйымдастырылды. Ауысым барысында өзін жақсы көрсеткішпен көрсете білген оқушыларымыз анықталып, марапатталды.

Үйірме қорытындылары бойынша оқушылар сертификаттармен марапатталды. Жас патриоттардың қатары толықты. Орталық басшысы оқушыларға сәт-сапар тілеп, өзінің жылы лебіз арнады.

Құрметті «Балдәурендік» атанған оқушылар! Әрине өздеріндей өнерлі балалармен қимастықпен қоштасамыз. Сіздер үшін арман аралына айналған – Балдәуреннің есігі әрдайым ашық. Балдәуреннің төрінде сіздерді қашанда күтеміз. Оқушыларға тек қана сәттілік тілейміз!

«Бабалардың ерлігі – жүректе, Балдәуренім – жасай берші мәңгіге!» гала-концерт

«Балдәурен» - өзіне келген әр баланың жүрегінен өшпес орын алатын, қимай-қимай қоштасатын, ең көңілді, барлық мүмкіндік тек оқушылар үшін жаратылған нағыз балалардың жұмақ мекені. Бүгін ауысымды қорытындылайтын соңғы гала-концертте болып өтті. 20 күндік қызықты күндер де өте шықты. Балалардың көңілінде үйге, ата-ана мен бауырға деген сағыныш тұрса, Балдәуренге деген қимастық тағы бар.

Балғындарымыздың есінде жарқын естеліктер мен жақсы достар таба алды деген сеніміміз мол! Сіздер үшін орталығымыздың есігі әрқашан ашық! Біз сіздерді күтеміз!

Бас редактор: ***Ерназарова Айнұр Шүкірқызы***

baldauren

Мекен-жайы:
Түркістан облысы, Толеби ауданы,
Нысанбек ауылы, Ұшсала көшесі, 32 үй
Телефон: +7 (705) 953 99 28
E-mail& baldauren_2@inbox.ru